

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 қаңтар N 68. Күші жойылды - ҚРҮ 1997.02.11. N 190 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетін құрылымдық қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 маусымдағы N 813 P950813_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 20,

234-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы осыған қоса берілген Ереже бекітілсін.
2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 18 қаңтардағы
N 68 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау
жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы қағидалар

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Мемстатком) елдің мемлекеттік статистикасына басшылық ететін, оның бүкіл аумағында статистикалық қызметтің мазмұны мен сипатын айқындайтын, мемлекеттік органдардың, заңды

тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының жайы мен үрдісін сипаттайтын қажетті статистикалық және экономикалық деректерге деген мұқтажын қанағаттандыратын және халықаралық деңгейде статистикалық деректердің ақиқаттылығы мен әдіснамалық салыстырмалылығын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы атқарушы өкіметінің орталық органы болып табылады.

2. Мемстатком өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттары мен келісімдерін, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Мемстатком ұйымдық жағынан орталық аппараттан, оған тікелей бағынышты статистика және талдау жөніндегі облыстық, Алматы қалалық басқармаларынан, Статистикалық зерттеулер институтынан және Мемстатком мен Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Есепке алу, статистика, еңбек және жұмыспен қамту кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі республикалық салааралық институтынан құралады. Мемстаткомға бағынышты мекемелер мен ұйымдар өздерінің қызметін жергілікті атқарушы органдарымен үйлестіреді, атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі туралы оларды дүркін-дүркін хабардар етіп, статистика саласындағы бұрмалаушылықтарды жоюға және болғызбауға бағытталған ұ с ы н ы с т а р ж а с а й д ы .

II. Мемстаткомның міндеті

4. Мемстаткомның негізгі міндеті:

республикада болып жатқан экономикалық және әлеуметтік процестер мен олардың даму үрдісін жан-жақты зерделеу, қорыту мен талдау; статистика саласындағы жалпы мемлекеттік саясаттың жүргізілуі мен орындалуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

Қазақстан Республикасын егеменді мемлекет ретінде сипаттайтын статистикалық көрсеткіштердің тұтастығы, объективтілігі мен жеткіліктілігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

халықаралық ережелер мен стандарттарға сәйкес келетін статистикалық деректердің әдіснамалық салыстырмалылығын қамтамасыз ету жөніндегі ш а р а л а р д ы жү з е г е а с ы р у ;

мемлекеттік өкімет пен басқару органдарын, жұртшылықты елде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестер мен құбылыстар туралы жүйелі түрде хабардар ету, статистикалық ақпаратты тарату, халықаралық

статистикалық ынтымақтастық жасау және статистикалық ақпарат алмасып
отыру болып табылады.

III. Мемстаткомның функциясы

5. Мемстатком өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

статистиканың құқықтық негізін қамтамасыз ететін республиканың қолданылып жүрген заңдылық және нормативтік актілерінің жаңа жобаларын жасайды және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Үкіметке ұсыныстар енгізеді;

Мемстатком бекітетін бағдарламалар мен статистикалық нысандар бойынша мемлекеттік есеп жасау, біржолғы есепке алу, сынаққа және іріктеп байқауға алу түрінде елімізде жүзеге асырылатын статистикалық байқауды ұйымдастырып, өткізеді;

елдегі статистикалық қызметті үйлестіреді;

Қазақстан Республикасының Статистиканы жетілдіру жөніндегі Мемлекеттік бағдарламасы шараларының орындалуын ұйымдастырады;

шаруашылық жүргізуші және өзге де субъектілердің мемлекеттік регистрін және Мемстаткомға бекітілген жалпы жіктегіштер мен техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттың кодтау жүйелерін жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

республиканың мүдделі министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен әрі өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша статистикалық және ұйымдастырушылық жұмыстарының Регламентін әзірлейді және оны жыл сайын Үкіметке бекітуге ұсынады;

бекітілген Регламентке сәйкес статистикалық және экономикалық ақпаратты жинауды, қорытуды, тарату мен сақтауды, оны "Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетін құрылымдық қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 маусымдағы N 813 қаулысының 9-тармағына көзделген шарттармен Президентке, Парламентке және Үкіметке, министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға және басқа да заңды тұлғаларға, сондай-ақ ТМД-ға мүше мемлекеттердің статистикалық органдарына және халықаралық ұйымдарға түсіруді жүзеге асырады;

статистика жөніндегі халықаралық әдіснамалық ұсынылымдарды елдің жағдайына қарай бейімдейді, жаңаларын әзірлейді, олардың статистикалық қызметтің практикасына енгізеді;

көрсеткіштердің ең шағын құрамын белгілейді әрі мемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептің нысандарын және оларды жасау мен мемлекеттік статистика органдарына түсіру тәртібі туралы тиісті нұсқаулар мен

нұсқаулықтарды бекітеді;

ғылыми әдіснама және статистикалық байқаудың прогрессивті әдістерін, компьютер техникасын, ақпарат беру құралдары мен полиграфиялық жабдықтарды кеңінен қолдануға негізделген қазіргі ақпараттық технологияларды енгізу негізінде статистикалық ақпараттың ақиқаттылығын, дұрыстығы мен тұтастылығын қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіппен статистикалық жинақтарды, бюллетеньдерді, экономикалық шолуларды және басқа да статистикалық материалдарды бастырып шығарады және таратады; қалың жұртшылық үшін басылымдарда жиынтықталған статистикалық ақпаратты әрдайым жариялап отырады;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің қызметкерлерімен статистика мәселелері жөніндегі семинарлар мен кеңестер өткізеді;

мемлекеттік статистика органдарының алдында есеп беретін кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді қажетті статистикалық құралдармен қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіппен мемлекеттік құпияның сақталуын, бастапқы статистикалық ақпараттың жасырындылығын қамтамасыз етеді;

қазіргі мемлекеттік келісімдер шеңберінде халықаралық экономикалық және статистикалық органдарымен және шетелдердің статистикалық қызмет орындарымен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

статистикалық ақпарат жүйесінің дамуы мен өрістеуінің, оның еліміздің және халықаралық ұйымдардың ақпарат жүйелерімен өзара іс-қимылының аса маңызды проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастырады;

есеп және статистика қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және кәсіби мамандығын арттыруды ұйымдастырады.

IV. Мемстаткомның құқығы

6. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес, алдында қойылған міндеті мен жүктелген функциясына қарай Мемстаткомның:

қаржы, банк, кеден, құқық қорғау және өзге де органдар мен қызмет орындарын қосқанда, меншік түрі мен ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, ел аумағында іс-қимыл жасайтын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерден, одан тысқары жерлерде іс-қимыл жасайтын резиденттерден Мемстатком белгілеген көлемі мен мерзімінде дұрыс статистикалық деректер алуға;

халық арасында статистикалық байқау жүргізуге және азаматтардан статистика мақсаты үшін қажетті деректерді алуға;

қажет болған жағдайда бастапқы және жиынтықты статистикалық деректердің дұрыстығын тексеруге құқы бар. Олардың бұрмаланғаны анықталған жағдайда заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге міндетті түрде оны жою туралы нұсқаулар беруге, жиынтықты статистикалық деректерге тиісінше дәлелдемелер е н г і з у г е ;

шаруашылық шарттары бойынша бейімділік тақырыптама жөнінде статистикалық, талдамалық, ақпараттық-есептеу және өзге жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ белгіленген тәртіппен статистикалық ақпараттың заңды және жеке тұлғаларға өткізілуін жүзеге асыруға;

мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізуге белгіленген тәртіппен ла у а з ы м д ы а д а м д а р д ы т а р т у ғ а ;

айқындалған бұрмалаушылықты жойғанға дейін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келетін мемлекеттік және ведомстволық статистика мәселелері жөніндегі ведомстволық актілердің қолданылуын тоқтата т ұ р у ғ а ;

заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік статистика мәселелері жөніндегі әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға;

республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ меншік түрі мен ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың мемлекеттік статистика мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарын орындауына бақылауды жүзеге асыруға;

мемлекеттік статистиканы жетілдіру және қызметін үйлестірудің неғұрлым маңызды проблемаларын шешу үшін олар бойынша ведомствоаралық ғылыми-әдістемелік кеңестер, сондай-ақ, мүдделі министрліктер мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары, басқа да ұйымдар мен мекемелері, халықаралықтарын қоса, өкілдерінің қатысуымен уақытша жұмыс топтарын қ ұ р у ғ а ;

өз құзыреті шегінде республиканың министрліктеріне, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарына, ел аумағындағы кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға және шет жерде қызмет ететін резиденттерге, олардың меншік түрі мен ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, мемлекеттік статистикалық есеп берудегі бұрмалаушылықты жою туралы олардың орындауы үшін міндетті ұйғарымнама беруге;

белгіленген тәртіппен статистика мәселелері жөнінде республиканың барлық министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың орындауы үшін міндетті қаулылар, нұсқаулықтар мен нұсқаулар шығаруға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

V. Мемстаткомның жұмысын ұйымдастыру

7. Мемстаткомды Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын Төраға басқарады.

8. Қазақстан Республикасы Мемстаткомның Төрағасы облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен келісуі бойынша статистика және талдау жөніндегі облыстық, Алматы қалалық басқармаларының бастықтарын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Мемстаткомға тікелей бағынатын оған қарасты ұйымдар мен басқармалардың басшыларын, кандидатуралары алқада қаралғаннан кейін, Мемстаткомның Төрағасы оларды лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

9. Мемстаткомның Төрағасы:

Мемстаткомның қызметін басқарады, оған жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларының іске асырылуы үшін дербес жауап береді; Төраға орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөледі;

белгіленген адам саны мен еңбек ақы қоры шегінде орталық аппараттың және статистика және талдау жөніндегі облыстық (қалалық) басқармалары аппаратының штаттық кестесін бекітеді;

орталық аппарат қызметкерлерін және оған қарасты органдардың басшы қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады, оларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мадақтау шаралары мен тәртіптік жазаларды қолданады;

өз құзыреті шегінде, қолданылып жүрген заңдар негізінде және оларды орындау үшін барлық қызмет орындары мен оларға қарасты ұйымдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар, нұсқаулықтар шығарады;

басқа министрлермен, мемлекеттік комитеттердің төрағаларымен, Қазақстан Республикасының өзге де орталық және басқарушы органдарының басшыларымен келісу бойынша бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарады.

10. Мемстаткомда құрамында Төраға (алқа төрағасы), оның орынбасарлары және орталық аппарат пен оған қарасты ұйымдардың басшы қызметкерлері бар алқа құрылады. Алқаның адам саны мен дербес құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Алқа өзінің мәжілістерінде Мемстаткомның ағымдағы және келешектегі міндеттерін айқындайды, статистиканы ұйымдастыру әдістерін жетілдірудің, қабылданған шешімдерді орындаудың, кадрларды іріктеудің, орналастырудың, қайта даярлаудың негізгі мәселелерін қарайды; аса маңызды бұйрықтардың, нормативтік және әдістемелік құжаттардың жобаларын талқылайды; бөлімшелердің жұмысы туралы есептерді тыңдайды.

Алқаның шешімдері алқа қаулыларымен және Мемстатком Төрағасының бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

11. Мемстаткомның құрылымын, аппараты қызметкерлерінің шекті санын, соның ішінде орталық аппараттың да, және еңбек ақы қорын қосқанда, оны ұстауға жұмсалатын қаражат мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

12. Мемстаткомның және оның жергілікті органдарының жалпы республикалық және аймақтық функционалдық міндеттерін орындауы үшін, сондай-ақ оның материалдық-техникалық базасын дамыту үшін қажетті қаржысының негізі республика бюджетінің қаражатынан, сондай-ақ, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шарттық жағдайларда статистикалық қызмет көрсетуден алынатын кірістерден құралады.

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шарттық жағдайлармен статистикалық қызмет көрсетуден құрылатын Мемстаткомның валюталық қоры статистикалық органдар жүйесінің материалдық-техникалық және әлеуметтік дамуына, сондай-ақ статистика саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға пайдаланылады. Қорды жұмсау тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітеді.

13. Мемстатком - заңды тұлға болып табылады, өзіне тиесілі мүлкіне ие, ағымдағы (есеп айырысу) және валюталық шоттары және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар.

Мемстатком өзіне қарасты ұйымдардың жұмысына басшылық етеді, сондай-ақ, олардың ережелерін (жарғыларын) бекітеді.

14. Мемстаткомды және оған қарасты ұйымдарды қайта ұйымдастыру мен тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1996 жылғы 18 қаңтардағы
N 68 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған

ш е ш і м д е р і н і ң
Т І З Б Е С І

1. "Қазақ КСР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті, статистика және талдау жөніндегі облыстық (Алматы қалалық) басқармасы туралы Ережені бекіту туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 5 қарашадағы N 668 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 715 P950715_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 18, 203-құжат) 14-тармағы.

3. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері" жайындағы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 716 P950716_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 18, 204-құжат) 13 - т а р м а ғ ы .

4. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі қызметінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 8 маусымдағы N 800 P950800_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 20, 232-құжат) 8-тармағы.

5. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастығы жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері" жайындағы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 маусымдағы N 819 P950819_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 21 , 238 - қ ұ ж а т) 11 - т а р м а ғ ы .